

ЭКСПО 2017

альтернативті жасыл

ЭКОНОМИКА



«Жасыл» экономика - бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді.

Жасыл экономика бұл экономикалық теориядағы жаңа бағыттардың бірі. Ол табиғи ресурстарды «табиғи капитал» ретінде қарастырады. Осындай тәсіл, экономиканың табиғатпен байланысын және қолдану принциптерін өзгертеді де, ол мынадай шекті, қорландыру және табиғи ресурстарды жұмсау деген терминдерді анықтайды.

- Жасыл экономика теориясы үш негізгі принциптерге негізделеді:**
 - Шектелген кеңістікте ықпал етуді шексіз ұлғайту мүмкін емес;**
 - Шектелген ресурстар жағдайында шексіз ұлғайып жатқан талаптардың қанағаттандырылуын сұрау мүмкін емес;**
 - жер бетіндегі барлығы өзара байланыста болады.**

Жалпы 2017 жылы халықаралық ЭКСПО көрмесін өткізетін орын ретінде Астананың таңдалуы – елімізге үлкен абырой әкелді. Бұл Қазақ елінің тәуелсіздік жылдарындағы ең үлкен жетістігі ретінде бағаланып отыр.

ЭКСПО– 2017 көрмесінің елімізге әкелетін пайдасы да қомақты болмақ. Бұл туралы Мемлекет басшысы өз сөзінде:

Біріншіден- әлемнің осыншама елінің Қазақстанды ең лайықты деп тануының өзі өте маңызды.

Екіншіден 100-ден астам ел Астанада өз павильондарын салу үшін келеді.

Үшіншіден -ЭКСПО 2017 көрмесіне біз ұсынған болашақтың энергиясы ұраны негізінде елордамызға жаһандағы мемлекеттер өздерінің жаңа технологияларын жеткізеді.

Іс жүзінде III индустриялық революция «жасыл экономикадан» басталмақ. Бұл ретте қай елде «жасыл экономика» болса, соның қолында жаңа технологиялар бар. Ал жаңа технологияларсыз енді даму жоқ. Яғни «ЭКСПО – 2017» Қазақстан үшін дамудың түбегейлі жаңа бетін ашудағы бетбұрыс бекетіне айналмақ.









ТОЛЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ



«Жасыл» экономиканы қолдау және G-Global-ды дамыту Коалициясы» ЗТБ «жасыл» экономика мен әлеуметтік инновациялар бойынша келісілген ұлттық қоғамдық үкіметтік емес ұйым болып табылады. Ең қызығы, бұл әлемдегі «жасыл» экономика бойынша өзін-өзі қаржыландыратын жалғыз қоғамдық бірлестік. Коалицияның басты міндеті: «жасыл» өсім қағидаларын енгізуге көмек көрсету үшін, экожүйелік тәсіл негізінде территорияның кешенді дамуы мен «жасыл» инновациялық инфрақұрылым үшін, «жасыл» экономикаға өту үшін құқықтық және институционалдық негіз құру үшін ҮЕҰ, бизнес, ғылым мен билік күштерін шоғырландыру.

Қазіргі таңда біздің ұйым Болашақ Қоғамын жобалауға бағытталған, «халықтық құрылыс» ретінде «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізуді, «Жасыл Көпір» Серіктестік Бағдарламасын жүзеге асыруды, G-Global ақпараттық-коммуникативті алаңын, Қазақстанның «жасыл» экономикаға өту Тұжырымдамасын және президенттің басқа да бастамаларын жан-жақты қолдау мақсатында түрлі ұсыныстар әзірлеуде. Айта кетейін, лас технологиялар субсидияларын «жасыл» субсидияларға, экожүйелерді қалпына келтіруді қаржыландыру бойынша келісімдерге, концессияларға алмастыру, пайдаға салынатын салықты қоршаған ортаға салынатын салыққа өзгерту, мемлекеттік және үкіметаралық ұйымдарды «жасыл» экономика саласындағы сатып алуларға алмастыру, жергілікті экологиялық ақша саналатын «жасыл» банкинг және т.б. Оның нәтижесінде өнім, су, ауа, топырақ сапасының артатыны сөзсіз.

Қоғамда «жасыл экономика» сөз тіркесі барынша жиі қолданыла бастады. Өткен «РИО + 20» Саммитінен кейін біздің мемлекеттің Президенті осы сөзді елді ары қарай дамыту жолындағы бірінші дәрежелі факторлардың бірі ретінде белгіледі.

Өткізілген «РИО + 20» Саммитінен кейін қазақстандық қоғамның күші «жасыл» экономикаға ауысу бойынша стратегияны іске асыруға бағытталған. Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша «Жасыл» экономикаға ауысу бойынша тұжырымдама әзірленді. Тұжырымдамада бірінші кезекте басты түрде экономиканың белгілі бір салаларын реформалауға бағытталған басым міндеттер тізбесі ұсынылды.

«Жасыл» экономикаға ауысу барынша үлкен танымалдыққа ие болып келеді және ауқымды қызығушылық тудырады. «Жасыл» экономика бірінші кезекте экономикалық прогреске жағдай жасайды және мыналарды қамтамасыз етеді:

- ішкі жалпы өнімнің өсімі;**
- елдің табыстарын ұлғайту;**
- елдегі жұмыссыздық көрсеткіштерін азайта отырып, халық үшін жұмыс орындарын құру.**

Бұл жерде «жасыл экономикаға» ауысу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық қауіптен тәуекелдерді төмендетеді.



«Жасыл» экономикаға ауысу аясында:

- қорлардың тиімділігін арттыру;
 - қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіру;
 - халықтың әл-ауқатын жақсарту болжанады;
- Тұжырымдаманы іске асыру үш кезеңде**

жоспарланады:

- бірінші кезең - 2013–2020 жж. – қорларды пайдалануды оңтайландыру және табиғат пайдалану қызметінің тиімділігі арттыру, сондай-ақ, «жасыл» инфрақұрылымды құру;
- екінші кезең - 2020–2030 жж. – табиғи қорларды тиімді пайдалану, жоғары технологиялар базасында жаңартылатын энергетиканы енгізу;
- үшінші кезең - 2030–2050 жж. – олардың жаңартылуы жағдайында негізіне табиғи қорларды пайдалану қойылған, ұлттық экономиканың «үшінші өнеркәсіптік революция» қағидаттарына ауысуы.



«Жасыл» экономиканы дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлайды:

- ауыл шаруашылығы;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы;
- энергетика;
- балық аулау;
- орман шаруашылығы;
- өнеркәсіп;
- туризм;
- көлік;
- қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу;
- су қорларын басқару.



«Жасыл» экономиканы дамытудың жеті негізгі бағыттары

***Бірінші бағыт** - жаңартылатын энергия көздерін енгізу.*

***Екінші бағыт** – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі.*

***Үшінші бағыт** – ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы*

Қазақстан мынадай бағыттар бойынша әрекет етуді жоспарлайды:

жердің құнарлылығын басқару;

суды тиімді пайдалану;

өсімдіктер және жануарлар денсаулығын басқару;

фермаларды механикаландыру.

***Төртінші бағыт** – қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру*

***Бесінші бағыт** – су қорларын басқару жүйелерін жетілдіру*


Су адамзаттың өмір сүруін және экожүйелердің тұтастығын қамтамасыз етудің шешуші табиғи құрылымы болып қала береді. Осыған байланысты су қорларын тиімді пайдалану орасан ауқымға ие болатын мәселе болып қала береді.

***Алтыншы бағыт** – «таза» көлікті дамыту*


***Жетінші бағыт** – экожүйелерді сақтау және тиімді басқару*

Қазақстан халқы 2030 жылға дейін

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі ағымдағы үрдіс негізінде Қазақстан халқы санының болжамын жасады.



2030 жылға қарай халықтың жоғары өсімі елдің **ОҢТҮСТІГІ** мен **БАТЫСЫНДА**, сондай-ақ **АЛМАТЫ** мен **АСТАНАДА** күтіледі (2013 жылмен салыстырғанда)



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің stat.kz сайты

«Жасыл» бизнес академиясы

Академия жұмысының мақсаты табиғи және өзге де ресурстарды жинау саласындағы саясатты тұрақты дамыту үшін бағдарламалар, жобалар және оқыту курстарын әзірлеу болады. Академияда онлайн-семинарларды өткізу, инновациялық әдістерді қолдану жоспарлануда. Академияның онлайн-семинарлары қоршаған ортаны қорғау саласындағы сарапшылар/мамандар арасындағы диалогқа, сондай-ақ «жасыл» өсу стратегиясын құруға бағытталған. Жасыл өсу және тұрақты даму тақырыбы бойынша жаңашыл электронды қорлар барлық студенттер үшін қол жетімді болады. Жасыл бизнес академиясы тұрақты дамыту стратегиясын іске асыру жағдайында, әсіресе әлеуметтік қажеттіліктер және мәселелерді барынша ұстанатын тәжірибе, табиғи қорларды кешенді пайдалану саласында болатын барынша тәжірибелік кәсіби жұмыс күшін дайындауға көмектеседі.



«Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы

Бағдарлама инвестициялық жобаларды іске асыру, саясаттарды реформалау жолымен жасыл бизнестің жаңа салаларын құру және дамыту бойынша мемлекеттердің, халықаралық, ғылыми ұйымдардың және бизнестің бірлескен әрекеттерін болжайды. Бағдарламаның міндеті тек мемлекеттер мен аймақтар арасында ғана емес, сонымен қатар мемлекет пен бизнес арасында да – серіктестіктің жаңа деңгейін құру және көптеген үдерістер арасындағы байланыс болып табылады. «Жасыл көпірдің» мәнісі – жасыл бизнестің жаңа салаларын дамыту және ол үшін ұзақ мерзімді және тұрақты негіздерді құру арқылы экономиканы көгалдандыру. Жасыл көпір жаңашыл жасыл технологиялар – жасыл бизнес үшін қолайлы шарттарды тудыру үшін төлемнің жаңа тетігін ұсынады.



ЖАСЫЛ ДАМУ
акционерное общество

Жалпы, «жасыл экономика» жолына түсу, баламалы энергия көзіне көшу - қазіргі күні Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлем алдында тұрған маңызды мәселе. Себебі, баламалы энергияны пайдалану энергия қорларын үнемдеудің басты тетігі болумен қатар, экологиялық проблемалармен күресудің де тиімді амалы саналады.

Ал осынау маңызды бағыт бойынша елімізде атқарылған шараларға келсек, былтырғы жылдың аяғында Президенттің тапсырмасына орай Үкімет баламалы және жаңартылатын энергетиканы дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралардың жоспарын қабылдаған болатын. Қабылданған жоспарға сәйкес 2020 жылға таман жаңартылатын энергия көздері 1040 МВт қуат көлемінде болады деп күтіледі. Оның ішінде 13 жел стансасы (793 МВт), 14 ГЭС (170 МВт) , сондай-ақ 4 күн электр стансасы (77МВт) жасақталады. Егер жаңартылатын энергия көздерін дамыту жобаларын іске асыруға келетін болсақ, мониторинг мәліметтері бойынша мұндай энергия нысандарының өндірісі жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2012 жылы 450 млн. кВт/сағатты құрады, ал бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштерден 6 пайызға көп. Алдағы уақытта елімізде жаңартылатын энергия көздерін дамытудың 25 жобасы іске асырылады.



Қазақстан «ЕХРО-2017» көрмесін өткізу арқылы әлемдік танымалдылыққа қол жеткізуге, брендке айналуға мүмкіндігі болады. Брендтің әрқашан қымбат бағаланатыны және қымбатқа түсетіні белгілі. Еуразия құрлығының ортасында Қазақстанның тиімді орналасуы шетелдік қонақтардың қызығушылығын тудырады. Себебі, әрбір адам біліміне қарамастан, жаңа елдерді танып, білгісі келеді және ЕХРО-ны өткізетін Астана географиялық жағынан бүкіл әлем туристерінің назарын өзіне аудартады. Көрменің экономикалық тиімділіктері де айтарлықтай маңызға ие.

Әлемдік деңгейдегі шараны ұйымдастыруда ел экономикасына тигізер басты пайдасының бірі – ел аумағында республикалық маңызы бар, арнайы кешен құрылысы салынып, қалааралық жолдар жөнделіп, мемлекеттің туристік әлеуеті айтарлықтай артады. Мысалы, Көлік және коммуникация министрлігінің мәліметіне жүгінсек, Астана – Теміртау, Астана – Павлодар,

Шортанды – Зеренді автокөлік жолдары осы көрменің арқасында қайта төселетін болды. Қазіргі таңда жолды жөндеу, қайта төсеу және құрылыс жұмыстары басталып кеткен. 2016-2017 жылдарға дейін бұл жұмыстар толықтай аяқталуы тиіс. Бұған қоса Астана оңтүстік-батыс айналма жолы салынады. 31 шақырымдық айналма жол астанадағы көліктер ағынын азайтып, жүк көліктерін қала сыртына шығаруға сеп болмақ. Көктемде Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «ЕХРО-2017» халықаралық көрме кешені бір реттік қана емес, ұзақ мерзімді стратегиялық жоба екенін баса айтты. Елбасының айтуынша, көрме болашақта Қазақстанның барлық аймақтары үшін технологиялық трансфертке айналуы әбден мүмкін. «ЕХРО-2017» көрмесіне әлемдегі ең озық технологияларды, ең жақсы дүниелердің бәрін жинаймыз және әлемге бізде не бар екенін көрсетеміз. ЭКСПО көрмесін Қазақстанның бүкіл аймағы үшін орталық технологиялық трансферт ретінде қалдырамыз», – деген болатын Президент Н.Назарбаев.



Қазақстан 2050. МӘҢГІЛІК ЕЛ



«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі

Теңіз жолы
36300 км-45 тәулік

Транссібір
11500 км-14 тәулік


Батыс Еуропа-Батыс Қытай
8 445 км-10 тәулік



«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» жобасы үш негізгі бағыт бойынша жүк тасымалын қамтамасыз ететін болады:



Жобаны жүзеге асырудан түсетін орташа жылдық жалпы экономикалық әсер, млрд. тг.



102 км 2010-2012 ж.ж. ЕҚДБ-25,5 млрд. тг.

273 км 2003-2005 ж.ж. Ақтөбе-Қарабұтақ-Ырғыз

209 км 2010-2012 ж.ж. КОНЦЕССИЯ Ташкент-Шымкент-Жамбыл обл. шекарасы

Республикалық бюджет есебінен Қарабұтақ-Қызылорда обл. шекарасы 215 км - 21,1 млрд. тг. 2010 ж. – 116 км – 9,5 млрд. тг. 2007-2011 жылдары

1062 км 2010-2012 ж.ж. ХҚДБ – 300 млрд. тг.

317 км 2009-2012 ж.ж. АДБ - 114,5 млрд. тг. 163 км 2010-2012 ж.ж. ИДБ – 57,1 млрд. тг.

301 км 2010-2012 ж.ж. КОНЦЕССИЯ Алматы-Қорғас

205 км 2010-2012 ж.ж. Алматы-Бішкек

Қазақстанда әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 30 елінің қатарына кіру үшін барлық алғышарттар бар. Бұл міндетті орындау үшін және шикізаттық бағыттан арылу үшін елімізде 2020 жылға дейінгі Индустриялық-инновациялық даму стратегиясы әзірленді. Президенттің болжамы бойынша оны іске асыру ел экономикасын 3,5 есе ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл үшін Қазақстанда Даму банкі, Инновациялық қор және басқа даму институттары құрылып, оларды капиталдандыруға мемлекеттік қаражаттан 1 млрд. доллардан астам жұмсалды. Мұнда да шетелдік инвестициялардың капиталы үшін қызметтің кең ауқымы бар. Мемлекет басым бағыттарда айрықша преференциялар жасауда.

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды.

«Елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту керек. ЭКСПО-2017 бұл процеске серпін беріп, бізге болашақтың энергиясын дамыту үшін жаңа технологияларды таңдап алуға көмектесуі тиіс. Оған қоса, біз ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына әбден-ақ белсене қатыса аламыз. Бұл бізге ғалымдарымыздың күш-жігерін шетелдік ғылыми-зерттеушілік қоғамдастықпен стратегиялық инновациялық бағыттар бойынша ықпалдастыруға мүмкіндік береді. Біздің мақсатымыз - жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналуымыз керек» - деп елбасымыз өз Жолдауында нақты атап өтті.

Ұлттық стратегияны нығайту үшін халықаралық экономикалық қатынастарға қатысудың негізінде жаңа технологияның дамуына, глобализациялану үрдісіне, әлемдік нарықтағы бәсекелестіктің нығаюына байланысты тиімді нәтижеге жету барысында жүзеге асырылуын прогрессивті көз қарастардың қалыптасуын талап етеді.

**Назарларыңызға
рахмет**